ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 қыркүйек № 4360-24-00-2/2052 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алдашбай Ахун ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ALIHAN» атауымен әрекет етуші Әйгерім Тілектесқызы Тілек жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Алдашбай Ахун ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер«ALIHAN» атауымен әрекет етуші Әйгерім Тілектесқызы Тілек жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ALIHAN» атауымен әрекет етуші Әйгерім Тілектесқызы Тілек жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 8 028 (сегіз мың жиырма сегіз) теңге тұрақсыздық және 2 087 (екі мың сексен жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 03.09.2024
2025.09.16
Сот өндірісі
360-24-3-1/2145

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс

Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:

Шешім заңды күшіне енді «11» қазан 2024 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 05.09.2024

5.2025 09:16

Сот өндірісі Судопроизводство

360-24-3-1/2145